

соответствующего нормативного акта, поскольку данная форма обладает рядом исключений в процессе реорганизации, согласования видов деятельности, предусматривает единственного учредителя, форму частной собственности на имущество и не предусматривает проведение эмиссии ценных бумаг.

#### Список литературы:

1. План нации - 100 конкретных шагов по реализации пяти институциональных реформ Главы государства Нурсултана Назарбаева (май 2015 года) // [http://online.zakon.kz/Document/?doc\\_id=31977084#pos=0;0](http://online.zakon.kz/Document/?doc_id=31977084#pos=0;0)
2. Постановлением Правительства РК № 1095 от 28 декабря 2015 года «Об утверждении перечня видов деятельности, осуществляемых юридическими лицами, более 50 % акций (долей участия в уставном капитале) которых принадлежит государству, и аффилированными с ними лицами» // [http://online.zakon.kz/Document/?doc\\_id=34140528](http://online.zakon.kz/Document/?doc_id=34140528)
3. Закон Республики Казахстан от 16 января 2001 года № 142-III «О некоммерческих организациях» (с изменениями и дополнениями по состоянию на 27.02.2017 г.) // [http://online.zakon.kz/document/?doc\\_id=1021519](http://online.zakon.kz/document/?doc_id=1021519)
4. Кодекс Республики Казахстан от 29 октября 2015 года № 375-V «Предпринимательский кодекс Республики Казахстан» (с изменениями и дополнениями по состоянию на 03.07.2017 г.) // [http://online.zakon.kz/Document/?doc\\_id=38259854](http://online.zakon.kz/Document/?doc_id=38259854)

### ҚАЗАҚСТАНДА ТҰТЫНУШЫЛАР ҚҰҚЫҒЫН ҚОРҒАУДЫҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ

*Оспанова М.Е., заң факультетінің магистранты, Академик Е.А.Бөкетов атындағы ҚарМУ  
Ильясова Г.А., з.э.к., доцент, Академик Е.А.Бөкетов атындағы ҚарМУ*

Тұтынушылардың құқықтары адам құқығының ажырамас бөлігі болып табылады. Өмір сүруге құқық, адамгершілігінің қорғалуына құқық, жеке өміріне қол сұқпаушылық, пікірін білдіру бостандығы, саяси процестерге қатысу, жеке өмірге деген құқықтар сияқты тұтынушылар құқығы өркениетті қоғамда адамның жеке өмірінің негізгі шарты болып есептеледі және олар мемлекетпен танылуы және қорғалуы тиіс.

Қазақстан Республикасының «Тұтынушылардың құқықтарын қорғау туралы» 2010 жылғы 4 мамырдағы Заңы қабылданғалы бері төрт жыл өтті. Осы уақыт аралығында аталмыш заңдық акт өзінің өмірге қалыптасқанын көрсете білді, құқық шығармашылық саласында да, құқық қолдану тәжірибесінде де онды бетбұрыстар жасады. Тұтынушылардың құқықтарын қорғау саласында орын алып отырған мәселелерді заңнамаларды жетілдірмей, қолданыстағы заңнамаларды тиісінше іске асырмай мүмкін емес. Бұл жерде ерекше жауапкершілік құқық шығармашылықпен айналысушы субъектілерге емес, тәжірибеде тұтынушылардың құқықтарын қорғауды жүзеге асыратын сот билігі органдарына жүктеледі. Соттар қолданыстағы заңнамаларды қолданудың бірізділік тәжірибесін қалыптастыруы тиіс.

Соттарда тұтынушылардың құқықтарын қорғау туралы істер көпшілік жағдайда азаматтардың өздерінің талап арыздары негізінде қозғалатыны белгілі болды. Сондықтан тұтынушылардың қатысуымен туындайтын қоғамдық қатынастарды реттейтін заңнамаларды іске асыру тұтынушы-жеке тұлғалардың өз тұтынушылық құқықтарын қорғау бойынша белсенділік танытуынсыз мүмкін емес.

Құқық қолдану тәжірибесінде жүргізілген талдаулар көрсеткендей, аталмыш құқықтық қатынастарды реттейтін нормативтік құқықтық актілер жүйесін қалыптастыру үрдісі аяқталған жоқ; нарыққа адам өміріне қауіпті тауарлардың, қызмет көрсетулердің енуінен тұтынушыларды қорғау үшін мемлекет тарапынан қолданылатын шараларды жетілдіру, күшейту қажет; жалпы барлық саланы қамтитын тұтынушылар құқығын түсіндіретін ақпараттандыру мен ағартушылық жүйесі қалыптаспаған, тауарларды тәуелсіз сараптау қызметі жүзеге асырылмайды.

Сот тәжірибесіне жүргізілген талдаулар көрсеткендей, тәжірибеде қарама-қайшы жағдайлар қалыптасқан: материалдық құқық нормаларын қолдануда бірізділік қалыптаспаған, ҚР «Тұтынушылардың құқықтарын қорғау туралы» Заңының ережелеріне әрқалай түсінік беріледі. Атап айтқанда, тұтынушыларға материалдық өтемақыны өндірумен бірге, моральдық зиянды өндіріп алу бойынша талап қанағаттандырылады, кейде негізсіз қанағаттандырылмайды. Сонымен қатар, соттар

үшін тұтынушылар құқықтарын қорғау туралы заңнамамен реттелетін қатынастардың аумағын анықтау барысында қиындықтар туындайды. Бұл әртүрлі қызметтер көрсетілетін шарттық нысандардың қарқынды дамуымен байланыстырылады.

Жоғарыда аталған мәселелер құқық қолдану тәжірибесінде орын алған өзекті мәселелерді жою үшін іргелі зерттеулер жүргізу қажеттігін негіздеп, сол арқылы қолданыстағы заңнаманы жетілдіруді теоретикалық негіздеу мақсатын іске асыруды алға қояды.

Тандап алынған тақырыптың өзектілігі келесідей себептермен түсіндіріледі:

1) әлеуметтік-экономикалық ахуал. Әрбір адам-тұтынушы, сондықтан оның құқықтық мәртебесін, адам өмірінің барлық қырларын қамтитын мәселелерді зерттеу үлкен әлеуметтік маңызға ие. Елімізде жалпы қоғамдық ауқымды тұтынушылық білім беру және ағартушылық жүргізу, тауарларға тәуелсіз сараптама жүргізу жүйесі қалыптаспаған.

2) құқық шығармашылық жағдай. Тұтынушылардың құқықтарын қорғаудың көпшілік сұрақтарын жеткіліксіз құқықтық реттеу осы саладағы заңнамаларды жетілдіруді қажет етеді. Бұл осы салада қалыптасатын қатынастарға, субъектілердің құқықтық жағдайларының ерекшеліктеріне терең теориялық талдау жүргізбейінше мүмкін емес.

3) Құқық қолданушылық тұрғысында сот тәжірибесінде зерделенген көптеген тұжырымдар мәнісін ашуды және құқықтық баға беруді қажет етеді. Сонымен қатар азаматтық дауларды шешудің біртекті тәжірибесін қалыптастыру қажет.

Тұтынушыларды нарыққа еніп жатырған қауіпті тауарлардан, жұмыстардан және қызмет көрсетулерден сақтауды қамтамасыз ету үшін мемлекет тарапынан қолданылып жатырған шаралар жеткіліксіз.

4) Доктриналдық. Бүгінгі күні қалыптасқан теоретикалық базаны тұтынушының құқықтық мәртебесін зерттеу арқылы толықтыру қажет. Тұтынушылардың құқықтарын қорғау мәселелерін терең әрі кешенді зерттеуді жүргізу өте қажет.

Тұтынушылардың құқықтарын азаматтық-құқықтық қорғаудың түсінігіне жалпы сипаттама мен талдау жүргізбес бұрын, біз тұтынушы кім деген сұраққа анық жауап іздеуіміз керек. Біздің елімізде қолданыстағы заңнамада «тұтынушы» термині жиі кездеседі. Оның анықтамасы түрлі нормативтік құқықтық актілерде әртүрлі мағынада түсіндіріледі. Өндірістік-техникалық мақсаттағы және халық тұтынатын тауарлардың жеткізілімі туралы заңдарда тұтынушы ретінде өндірістік қайта өңдеу, өндірістік тұтыну мақсатында немесе нарықта өткізу үшін тауарларды алушы, пайдаланушы, әртүрлі сауда кәсіпорындары, қоғамдық тамақтандыру кәсіпорыны бола алады. Бұл жерде «тұтынушы» түсінігі қысқа мағынада беріліп, тек қана өндірістік тұтынушыға қатысты айтылады [1, 24]. Аталмыш түсінікті пайдалану қарастырылып отырған жағдайда сәйкес келмейді, өйткені тауар жеткізілімі туралы заң тауар жеткізілімі туралы шарт бойынша алынған өнімді немесе тауарды тұтынудың шарттары немесе тәртібі туралы ережелерді бекітпейді.

Қолданыстағы заңнама бойынша тұтынушы түсінігі кең мазмұндалған, тұтынушы ретінде тек ұйым ғана емес, сонымен қатар азаматтар да болады. Азаматтық кодекстің 11-бабының 3-тармағына байланысты ұқсас кәсіпкерлік қызмет жүргізетін адамның және тұтынушылардың заңды мүдделеріне қысым көрсетуге бағытталған теріс-пиғылды әрекеттер жасауына жол берілмейді. Осы айтылған ережелерді талдау тұтынушы ретінде өнімді тұтыну мақсатында иеленетін кез келген тұлға деген қорытындыға келуге мүмкіндік береді. Бұл жерде өндірістік және жеке тұтынушы туралы айтылды. Осыған ұқсас жағдайлар «Жеке кәсіпкерлік туралы Қазақстан Республикасының 2006 жылғы 31 қаңтардағы № 124 Заңында да орын алған. Осы заңның негізгі жоспарын өнімдерді, қызмет көрсетулерді және жұмыстарды тұтынушымен бекітілген шарттар құрайды. Осы заңның 4-бабына сәйкес, жеке кәсіпкерлікті мемлекеттік реттеудің негізгі мақсаты жеке кәсіпкерлікті дамыту үшін қолайлы жағдайлар жасау және мемлекеттің мүдделері мен тұтынушылардың құқықтарын қорғау болып табылады [2]. Сонымен қатар, осы заңда тұтынушы түсінігінің қысқаша мағынасын беретін анықтама берілген. Мысалы, Заңның 15-бабына сәйкес, кәсіпкер тұтынушының денсаулығына зиян келтірілген өнімді таратқаны үшін жауапкершілікте болады. Бұл жағдайда тұтынушы-азамат туралы айтылады.

Монополияға қарсы заңдылықта да «тұтынушы» термині белсенді қолданылады. Бірақ, бұл жерде оның негізгі мазмұны кең түрде қолданылады. Мұндай қорытынды Қазақстан Республиканың «Бәсекелестік туралы» 2008 жылғы 25 желтоқсандағы № 112-IV Заңынан туындайды. Сонымен бірге, осы заңда «тұтынушы» түсінігі тар мағынада беріледі және тұтынушы ретінде тек азамат сипатталады. Осы жағдай аталмыш заңның 1-бабынан туындайды: «тұтынушы - тауарды өз мұқтажы үшін сатып алатын жеке немесе заңды тұлға».

«Бәсекелестіктің негізгі принциптерінің бірі - тұтынушылардың құқықтарын сақтау болып табылады» деп атап көрсетілген (4-бап) [3]. Келтірілген мысалдар «тұтынушы» терминінің мазмұнын ашады. Бірақ бұл жерде тұтынуды өндірістік және жеке деп бөлу аталмаған. Ұдайы өндіріс көзқарасы бойынша тұтынушы ретінде өндіруші тұтынушыда, жеке тұтынушы да танылады, өйткені экономикалық тұрғыда екеуінің арасында айырмашылық бар. Нарықтық экономикаға көшу барысында сауда мен ақша арасындағы айырмашылықтар, бір жағынан, «іскер адам мен іскер адам арасында» және екінші жағынан іскер адам мен тұтынушылар арасында байқала бастады. Нарықтық экономикасы дамыған елдерде «тұтынушы» термині құқықтық категория ретінде «коммерсант» категориясымен жұптасқанда құндылыққа ие болады. Ендеше, сөз тауарды экономика саласынан алып жеке тұтыну саласына өткізетін жеке тұтынушы жайында болуы тиіс [4, 26].

Дамыған нарықтық экономикасы бар елдерде «тұтынушы» термині заңдарда «коммерсант» категориясына қарсы тұратын категория ретінде пайдаланылады. Швед құқығында «тұтынушы» термині тауарды ең бастысы тұтыну үшін, атап айтқанда, сату немесе коммерциялық қызмет үшін емес, алушы жеке тұлға ретінде анықталады. Франция, Бельгия, Дания және Ұлыбритания елдерінің заңдылықтарында да «тұтынушы» термині кездеседі, ал кейбір елдерде тұтынушы термині соттық тәжірибе мен доктрина айналымына енгізілген [5, 6]. Жалпы, «тұтынушы» термині тауарлар мен қызмет көрсетулер нарығында тауарды жеке тұтыну мақсатында алушы. Тауар мен қызмет нарығында тұтынушыға кәсіби маман қарсы тұрады. Коммерсант кәсібі «тұтынушыны» арнайы кәсіби білімі жоқ және қызмет пен тауарды қолдану үшін иеленетін, үнемі тұрақты коммерциялық қызметпен айналыспайтын тұлға ретінде анықтайтын қосымша критерий.

Осы айтылғанды негізге ала отырып, сондай-ақ арнайы нормалардың күші қолданылатын субъектінің нақты анықтамасын беру қажет. Тұтынушылардың құқықтарын қорғау туралы заңның 1-бабының 15-бөлімінде тұтынушының анықтамасы берілген. Тұтынушылардың құқықтарын қорғау туралы заңға сәйкес, «тұтынушы – өз қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін тауарға (жұмысқа, көрсетілетін қызметке) тапсырыс беру немесе иелену ниеті бар не тапсырыс беретін, оларды иеленетін және (немесе) пайдаланатын жеке тұлға болып табылады». Тек иелену ғана қажет емес, сонымен қатар тауар, жұмыс және қызметті жеке тұтыну мақсатында иелену ниетін де атап көрсету маңызды. Осындай пікір тұтынушылар құқықтарын қорғау туралы заңдылық тек қана міндетті құқықтық қатынас тұтынушылары мен дайындаушылары, сатушылар мен орындаушылары арасында бекітілген шарттар арқылы таралады деген қорытынды жасауға мүмкіндік береді. Бұл талдау толықтай осы заңның 6,7,11,23-баптарымен расталады, онда сауда және басқа да қызмет көрсету саласындағы ақпараттарға, сондай-ақ тұтынушылардың қоғамдық ұйымдарының құқықтары туралы айтылған. Осыдан қорытынды жасай келе, тауарларды пайда алу үшін сатып алатын жеке кәсіпкерлер, сонымен қатар заңды тұлғалар «тұтынушылар» категориясына жатпайды, сондықтан да оларға «Тұтынушылардың құқықтарын қорғау туралы» заңның ережелері қолданылмайды.

Азаматтық заңдармен тауар-ақша қатынастары және қатысушылардың теңдігіне негізделген өзге де мүліктік қатынастар, сондай-ақ мүліктік қатынастарға байланысты мүліктік емес жеке қатынастар реттеледі.

Азаматтық құқық кез-келген субъектілердің арасында қалыптасқан жоғарыда аталған қатынастарды реттейді. Сонымен бірге, осы қатынастардың негізгі бөлігін тұтыну нарығында азаматтардың мемлекеттік және жеке заңды тұлғалар, басқа да кәсіпкерлер арасындағы құқықтық байланыстар құрайды. Азаматтардың материалдық және рухани қажеттіліктерін қанағаттандыруды қамтамасыз ететін, қызмет пен тауарды тұтынушы ретінде олардың құқықтарын қорғаушы азаматтық құқық институтын (азаматтық-құқықтық шарт туралы нормалар, азаматтық құқықтарды қорғаудың азаматтық-құқықтық тісілдері, мүліктік жауапкершілік туралы нормалар) білдіреді. Теорияда құқықтық институт дегеніз анықталған бір-бірімен байланысты қатынастар тобын кешенді реттеуді қамтамасыз ететін құқықтық нормалар жиынтығы болып табылады. Тұтынушылардың құқықтарын азаматтық-құқықтық қорғау институты функционалды институт болып табылады.

Тұтынушылардың құқықтарын азаматтық құқықтық қорғау институты шарт, жауапкершілік және т.б. пәндік институттармен тығыз байланыста болады және тұтынушылардың құқықтары мен мүдделерін тиімді қорғауды қамтамасыз етеді. Қарастырылып отырған институт азаматтық-құқықтың «міндеттемелік құқық» деп аталатын саласының ажырамас бөлігі болып есептеледі. Осыған байланысты тұтынушылар құқығын азаматтық-құқықтық қорғау институтының мазмұнын құраушы нормалар міндеттемелер саласының жалпы нормаларына ғана негізделіп қоймайды. Аталмыш институтта толық көлемде барлық міндеттемелерге қатысты жалпы ережелер қолданылады [6, 38].

Қазақстан Республикасының азаматтық кодексі шарттық-мүліктік құқық қатынастарының әртүрлі саласындағы қатынастарды басым реттейді және оның нормаларын, бәрінен бұрын, келісім

жасарда коммерциялық пайда алуды көздейтін кәсіпкерлер - негізгі қатысушылар болып табылатын келісім-шарттарды реттеуге бағытталған. Дамыған нарықтық экономиканың басты қатысушысы болып табылатын тұтынушы сияқты әлсіз тараптың мүдделерін қорғауда пайдалана алатын нормалар мүлдем жоқ деуге болады. Қазақстан Республикасының азаматтық кодексінде «тұтынушы» түсінігінің, оны міндеттемелік қатынастарға өзге де қатысушылардан даралайтын нақты анықтамасының жоқтығын атап өтуге болады.

Жоғарыда аталған тұтынушының құқығын қорғау бойынша қатынастарды реттеудегі қайшылықтарды жою үшін, біздің пікірімізше, келісім-шарттық қатынастарда әлсіз тарапты білдіретін Азаматтық кодексті «тұтынушы» түсінігімен толықтыру қажет. Осыған орай «тұтынушы дегеніміз пайда табуды көздемейтін, тек қана өз мұқтажыңды қанағаттандыру үшін тауарды иелену немесе жұмысқа, көрсетілетін қызметке тапсырыс беретін жеке тұлға» деген анықтама беруді жөн санаймыз.

Бүгінгі күні тұтынушылардың құқықтарын қорғаудың заңдық тетігі әлі де қалыптасуда. Сот тәжірибесі көрсеткендей тұтынушылардың құқықтарын қорғау әртүрлі қызмет көрсету саласын қамтиды: сауда (сапасыз тауар сату), мүлдік-коммуналдық сала (жылу, газ, электр, су); медициналық, көлік, туризм саласында қызмет көрсету.

Сот тәжірибесіне жүргізілген талдаулар тұтынушылардың құқықтарын қорғау туралы талаппен жүгінген істердің көпшілігі соттарда қанағаттандырылғанын байқатады. Бұдан біз тұтынушылардың құқығы жиі бұзылатынын, құқық бұзушылардың ерікті түрде орындаудан бас тартып, тек қана соттың шешімімен келтірілген шығындар өндірілетінін аңғарамыз.

Құқық қолдану тәжірибесінде жүргізілген талдаулар көрсеткендей, аталмыш құқықтық қатынастарды реттейтін нормативтік құқықтық актілер жүйесін қалыптастыру үрдісі аяқталған жоқ; нарыққа адам өміріне қауіпті тауарлардың, қызмет көрсетулердің енуінен тұтынушыларды қорғау үшін мемлекет тарапынан қолданылатын шараларды жетілдіру, күшейту қажет; жалпы барлық саланы қамтитын тұтынушылар құқығын түсіндіретін ақпараттандыру мен ағартушылық жүйесі қалыптаспаған, тауарларды тәуелсіз сараптау қызметі жүзеге асырылмайды.

Зерттеу тақырыбын қорытындылайтын болсақ, тұтынушылар құқықтарын қорғау бойынша Қазақстан Республикасының заңдық базасында азаматтардың құқықтарын қорғауға бағытталған қатынастарды заңдық реттеуді күшейту қажеттігін анықтадық.

Сонымен, тұтынушылар құқықтарын қорғаудың өзекті мәселелерін қарастыра отырып, біз келесідей қорытындыларға келдік:

1. Қазіргі уақытта ҚР «Тұтынушылар құқықтарын қорғау туралы» заңның негізгі бөлігінде тұтынушылар мен сатушылардың құқықтары мен міндеттері реттелген. Ал тұтынушылардың бұзылған құқықтарын қалпына келтірудің нақты тетігі қарастырылмаған. Осыған байланысты жетекші әлем елдерінің тәжірибесін ескеретін Тұтынушылардың құқықтарын қорғаудың Тұжырымдамасын құру қажет деп санаймыз. Онда 1985 жылы 9 сәуірде БҰҰ Бас Ассамблеясының қабылдаған «Тұтынушылар мүдделерін қорғау» деп аталатын №39/248 Резолюциясында бекітілген келесі қағидаларды басшылыққа алу қажет: 1) тұтынушылардың қауіпсіздігі және денсаулығына келтірілетін залалдан қорғау; 2) тұтынушының экономикалық мүддесін қорғау; 3) тұтынушының жеке сұраныстары мен тұтынуына сәйкес таңдау жасауы үшін қажетті ақпараттардың қолжетімді болуы; 4) тұтынушыларға арналған ағартушылық шараларын өткізу; 5) тұтынушылардың шағымдарын қараудың тиімді процедурасын енгізу; тұтынушылар топтарын немесе ұйымдарын құру бостандығы және осы ұйымдарға тұтынушының мүддесіне қатысты шешімдер қолдану үрдісінде өз пікірін айту мүмкіндігін беру.

2. Тұтынушылар құқығын қорғау туралы заңда маңызды халықаралық-танымал тұтынушылардың құқықтары бекітілуі тиіс. Заңда келесідей қосымша кепілдіктер орнатылуы тиіс: сауда және басқа да қызмет көрсету саласында жеңілдіктерге ие болу құқығы; тиісті сапалы тауарға ауыстыру құқығы; тұтынушылар құқықтарын бұзатын шарттың жағдайларын жарамсыз деп тану; тауарларды іске асыру, қызмет көрсету және жұмыс жасау барысында тұтынушылардың құқықтарын қорғаудың тәртібін орнату қажет. Атап айтқанда, тауарды қайтару, ауыстыру, кемішіліктерін жою тәртібін реттеу, сатушы мен орындаушылардың жауапкершіліктерін анықтау, кінә қоюды қанағаттандыру мерзімі, тәртібін айқындау ұсынылады.

3. Тұтынушылардың құқықтарының бұзылуы көп жағдайда тұрғындардың тұтынушы ретінде құқықтарын білмеуінен орын алатыны белгілі. Осыған орай тұрғындардың (тұтынушылардың) құқықтық сауаттылық деңгейін жоғарылату бойынша жүргізілетін шаралардың кешенін құру қажет.

Тұтынушылардың өзекті сұрақтарына жедел әрекет ету мақсатында Тұтынушылардың құқықтарын қорғау комитетінде «Тұтынушылар құқықтарын қорғау» атауымен ақпараттық-

коммуникациялық жүйе құру қажет, ол «электрондық үкімет» порталымен байланысты болуы тиіс. Ақпараттық жүйе тұтынушылардан түсетін шағымдарды есепке алумен, мониторинг жүргізу айналысып, ең өзекті деген мәселелерді айқындап, оны шешу туралы ұсыныстарды Үкіметке жолдауға мүмкіндік береді. Жүйеде тұтынушыларға әкелуге және сатуға шектеулер қойылған сапасыз тауарлар, сертификаты бар тәркелген тауар туралы, импорттау мерзімі, өнідірушісі, тауарды жеткізуші туралы мәліметтер таратылатын болады. Бұндай портал айналымдағы тауарлардың қауіпсіздігі мен сапасына бақылау жүргізуді қамтамасыз етеді.

4. Заңда тұтынушылардың құқықтары мен мүдделерін жеке қорғаумен бірге, ұжымдық қорғауды да қарастыру және ең бастысы мемлекеттік қорғауға алу қажет. Бұл жергілікті бюджетке ақша түсіру көзі болса, екінші жағынан заңды бұзушыларға әсер ететін заңның тиімді тетігі болады. Өйткені, қоғамдық бірлестіктің талабы бойынша сот арқылы өтеп алынатын айыппұлдың 70 пайызы жергілікті бюджетке, ал 30 пайызы өзінде қалады, бұл тұтынушыларды қорғау шығындарын жабуға мүмкіндік береді.

ҚР «Тұтынушылардың құқықтарын қорғау туралы» Заңның 42-бабына сәйкес, тұтынушылардың қоғамдық бірлестіктері, қауымдастықтар (одақтар) тұтынушының өтініші, шағымы бойынша ғана құқықтары мен заңды мүдделерін бұзушылықтарды жою және осы бұзушылықтар арқылы келтірілген залалды (зиянды) тұтынушыға ерікті түрде өтеу туралы тауарды сатушыға кінә қоя отырып жүгінуге құқылы. Бұл тұтынушылардың ҚР Конституциясымен кепілдік берілген құқықтарын шектейді және ҚР Азаматтық іс жүргізу кодексінің 59-бабының 5-тармағына қайшы келеді. Онда тапсырма бойынша өкілдік етуге «заңмен, жарғымен немесе ережемен басқа адамдардың құқықтары мен мүдделерін қорғау құқығы берілген ұйымдардың уәкілетті адамдарына» рұқсат берілген.

5. Тауарды өндіруші, сатушы мен тұтынушылардың арасындағы дауларды шешудің жалпы соттық тәртібімен бірге, дауларды реттеудің балама тәсілдерін (келіссөз жүргізу, медиацияны) қолдану.

Тұтынушы нарығында қалыптасатын қатынастарға кең қолданылатын әдіс: бірінші тұтынушы кәсіпкерге шағымданады, егер де ол мәселе ерікті түрде шешілмесе, онда оның тараптары сотқа жолдана алады. Көп жағдайда жауапкер талап соттың өндірісіне қабылданып, қолына соттың шақыру қағазы мен талап арыз тигенде ғана өзінің жауапты екенін біледі. Ал бұл келіспеушілікті ерікті түрде орындауға да болады. Азаматтық-құқықтық дауларды шешудің балама тәсілдерін: медиация, аралық сотта және төрелік сотта қарау тәсілдерін қолдану өз жемісін беретіні сөзсіз.

6. Қазақстан Республикасының азаматтық кодексі шарттық-мүлктік құқық қатынастарының әртүрлі саласындағы қатынастарды басым реттейді және оның нормаларын, бәрінен бұрын, келісім жасарда коммерциялық пайда алуды көздейтін кәсіпкерлер - негізгі қатысушылар болып табылатын келісім-шарттарды реттеуге бағытталған. Дамыған нарықтық экономиканың басты қатысушысы болып табылатын тұтынушы сияқты әлсіз тараптың мүдделерін қорғауда пайдалана алатын нормалар мүлдем жоқ деуге болады. Қазақстан Республикасының азаматтық кодексінде «тұтынушы» түсінігінің, оны міндеттемелік қатынастарға өзге де қатысушылардан даралайтын нақты анықтамасының жоқтығын атап өтуге болады.

Жоғарыда аталған тұтынушының құқығын қорғау бойынша қатынастарды реттеудегі қайшылықтарды жою үшін, біздің пікірімізше, келісім-шарттық қатынастарда әлсіз тарапты білдіретін Азаматтық кодексті «тұтынушы» түсінігімен толықтыру қажет. Осыған орай «тұтынушы дегеніміз пайда табуды көздемейтін, тек қана өз мұқтажыңын қанағаттандыру үшін тауарды иелену немесе жұмысқа, көрсетілетін қызметке тапсырыс беретін жеке тұлға» деген анықтама беруді жөн санаймыз.

7. Соттарда тұтынушылардың құқықтарын қорғау туралы істер көпшілік жағдайда азаматтардың өздерінің талап арыздары негізінде қозғалатыны белгілі болды. Сондықтан тұтынушы-жеке тұлғалардың өз тұтынушылық құқықтарын қорғау бойынша белсенділік танытуынсыз мүмкін емес.

Сот тәжірибесіне жүргізілген талдаулар көрсеткендей, тәжірибеде материалдық құқық нормаларын қолдануда бірізділік қалыптаспаған, ҚР «Тұтынушылардың құқықтарын қорғау туралы» Заңының ережелеріне әрқалай түсінік беріледі, тұтынушыларға материалдық өтемақыны өндірумен бірге, моральдық зиянды өндіріп алу бойынша талап қанағаттандырылады, кейде негізсіз қанағаттандырылмайды. Сондықтан, материалдық залалмен бірге, моральдық зиянның орнын толтыруға қатысты дауларды соттан тыс қарауға рұқсат беру ұсынылады. Себебі, ҚР «Тұтынушылар құқығын қорғау туралы» 2010 жылғы 4 мамырдағы заңының 21-бабында «тұтынушының Қазақстан Республикасының тұтынушылар құқықтарын қорғау туралы заңнамасында көзделген құқықтары мен заңды мүдделерін сатушының (дайындаушының, орындаушының) бұзуы салдарынан оған келтірілген

моральдық зиян, егер Қазақстан Республикасының заңдарында өзгеше көзделмесе, сатушының (дайындаушының, орындаушының) кінәсі болған кезде сот айқындайтын мөлшерде өтеуге жатады. Моральдық зиянның орнын толтыру мөлшері сотпен анықталады. Басқа алымдарға қарағанда моральдық шығынның орнын толтыру туралы талап тек соттық тәртіпте ғана орындалуға жатады.» - делінген.

#### Әдебиеттер тізімі:

- 1 Хасенова М. Тұтынушы және оның құқы // Заң. – 1999. - № 10-11. – С. 22-25.
- 2 Жеке кәсіпкерлік туралы Қазақстан Республикасының 2006 жылғы 31 қаңтардағы № 124 Заңы // Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы. – 2006. - № 3. - 21-құжат.
- 3 Қазақстан Республиканың «Бәсекелестік туралы» 2008 жылғы 25 желтоқсандағы № 112-IV Заңы // Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы - 2008. - № 24. - 125-құжат.
- 4 Шерстобитов А.Е. Гражданско-правовые вопросы охраны прав потребителей. – М.: Изд-во МГУ, 1993. – 144 с.
- 5 Законодательство Европейского Экономического Сообщества о защите прав потребителей. / Институт законодательства и сравнительного правоведения при правительстве Российской Федерации. Серия "Законодательство зарубежных государств". Составитель обзора О.Н. Зименкова. М., 2006. – 70 с.
- 6 Суханов Е.А. Место и функции института ответственности в социалистическом гражданском праве // Вопросы государства и права / Под ред. Г.П. Савичева. - М.: Изд-во МГУ, 1985. - С. 38-46.

### ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ БАЛАЛАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТЫҚ ЖАҒДАЙЫНА ҚАТЫСТЫ КЕЙБІР МӘСЕЛЕЛЕР

*Тоқатов Р.А., з.ғ.м., азаматтық және еңбек құқығы кафедрасының аға оқытушысы,  
Академик. Е.А. Бөкетов атындағы ҚарМУ*

*Рахимберлина А.К., з.ғ.м., азаматтық және еңбек құқығы кафедрасының аға оқытушысы,  
Академик. Е.А. Бөкетов атындағы ҚарМУ*

*Майрамов А., экономикалық факультеттің студенті, Академик. Е.А. Бөкетов атындағы ҚарМУ*

Қазақстан Республикасының ұлттық саясатының негізгі бағыттарының бірі балалардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау. Қоғам өмірінің сапасын арттыруға, әрине, бірінші кезекте – балалардың өмір сүру сапасын жақсартуға бағытталған Мемлекет басшысының «Қазақстанның үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік» атты Қазақстан халқына жолдауы осының дәлелі.[1] Ата-ананың қасиетті міндеті балаларына қамқорлық көрсету. Балалар келешек қоғам екенін жұрттың бәрі де біледі. Алайда, өкінішке орай, осы қарапайым түсінікті ата-аналар бәрі бірдей меңгере қоймаған. Сондықтан, күн сайын балаларға қамқорлық көрсетуді талап ететін адамгершілік нормалармен қатар, заң ата-аналар үшін балаларға қамқорлық көрсету туралы құқықтық міндеттер белгілейді. Заң ата-аналардан балалардың заңды мүдделерін қанағаттандыруды талап етеді.

Балалардың құқықтарын қорғаудағы ата-аналардың заңды мүддесі:

- біріншіден — балалардың денсаулығы;
- екіншіден — олардың білім және мамандық алуына белсенді түрде қамқорлық жасау;
- үшіншіден — баланы адамдар, қоғам, мемлекет алдында азаматтық рухта тәрбиелеу болып табылады [2].

Мемлекет өз кезегінде отбасының берік болуына белсенді түрде ықпал жасайды, атап айтқанда, көп балалы отбасына материалдық жәрдем жасайды. Бала тәрбиелеу ісі әр халықтың өзінің ғасырлар бойы келе жатқан әдет ғұрып, салт-дәстүріне байланысты әдістері бар. ҚР балалар құқығын қорғау заңының 4-бабында: «балалардың тең құқықтылығы -тегіне, нәсіліне және қай ұлтқа жататындығына, әлеуметтік және мүлктік жағдайына, жынысына, тіліне, біліміне, дінге көзқарасына, тұрғылықты жеріне, денсаулық жағдайына, балаға және ата-анасына немесе басқа заңды өкілдеріне қатысты өзге де мән-жайларға қарамастан, барлық бала тең құқыққа ие» делінген [3]. Яғни бұл Заң балаларды қоғамдағы толымды өмірге даярлау, олардың қоғамдық мәні бар және шығармашылық белсенділігін дамыту, әлемдік өркениеттің жалпы адамзатқа тән құндылықтары негізінде оларды жоғары имандылық қасиеттерге, елжандылық пен азаматтыққа тәрбиелеу, олардың бойында ұлттық сана-сезімді қалыптастыру принциптерінің басымдығына сүйеніп, баланың Қазақстан Республикасының